

## Архив новостей за Декабрь 2016

### Колледж директоры Невзат Бекар мырзаның жаңа жылмен құттықтауы!

30.12.16, 09:07

Құрметті достар!

Сіздерді жаңа 2017 жылымен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Бұл жыл тың шығармашылық ойларға, тамаша бастамаларға, жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғаларға толы болсын! Келер жылда әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, құт-береке, баянды бақыт тілеймін.

Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша қазақстандықтарымызға бейбіт өмір, тыныштық, мол жақсылық тілеймін.

Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономикалық

колледжінің директоры

Невзат Бекар

## Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым

27.12.16, 06:44

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономикалық колледжінің ұйымдастыруымен 25-желтоқсан күні сағат 9:00 «Колледж директоры кубогі» үшін «Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым» атты студенттер арасында облыстық пікірсайыс турнирі өтті.

Турнир мақсаты-жастарды қоғамдағы өзекті мәселелерді қарастыруға, пікір алмасуға шақыру, облысымыздағы пікірсайыс қозғалысын дамыту. Жастардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділіктерін арттыру, рухани-адамгершілік қасиеті қалыптасқан, өзі-өзі жетілдіре алатын тұлғаны тәрбиелеу.

Турнирге 20 фракция қатысты. Облысымыздың командаларынан бөлек Алматы, Астана, Шымкент, Павлодар қалаларынан пікірсайысшылар қатысты. Турнирдің қорытындысы бойынша, Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономикалық колледжінің «II дәстүрлі директор кубогін» және I орынды Тараз Мемлекеттік Университеті «Филин» фракциясы иеленді. II орынды Алматы қаласының «Нағыз қылмыскерлер» фракциясы иеленсе, III орынды Алматы қаласының «ЖЖ-ға махаббат» фракциясы иеленді. Турнирдің «Үздік спикері» Жаналиев Сағат атанса, «Үздік төреші» номинациясымен Жолдыбай Бек марапатталды. Турнирдің бас төреші жұмысын атқарған колледжіміздің 2-курс білімалушысы Муратбаев Каныбек.

Жылдың ең соңғы турнирі, ерекше ережемен, көтеріңкі көңіл-күймен жоғары деңгейде өтті.

Медиа қызмет





## Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай салтанатты жиын

27.12.16, 06:38

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай салтанатты жиын 2016 жылдың 15 желтоқсанында Астана қаласының «Тәуелсіздік сарайында» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған республикалық салтанатты жиын өтті. Аталған іс-шара Астана қаласының уақытымен сағат 11.00-ден бастап «Қазақстан», «Хабар», «Хабар-24» республикалық орталық телеарналарда «Тәуелсіздік сарайынан» тікелей эфирден Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономикалық колледжінің ұжымы мен білімгерлері бірге тамашалады.

Тәуелсіздік жылдары ішіндегі еліміздің және өңірдің жетістіктерін көпшілікке тарату мақсатында, көрсетілімнен кейін қатысушылар арасынан директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары - Құрманбекова С.С. экономика пәнінің оқытушылары – Б.Жүнісов, Н.Қуандықова, тарих пәнінің оқытушысы - А.Садықова, 2С2 тобының білімгері – К.Мұратбаев шынайы тілектерін білдіріп пікірлерін ортаға салды.  
Медиа қызмет.





## «Отан деп соқсын жүрегіміз»

27.12.16, 06:26

Тәуелсіздік – мемлекеттік тұрғыдан алғанда еліміздің еркіндігі, елдің тізгінін өз қолына алуы, өз билігінде болуы. Қазақстан Республикасы – халықаралық деңгейде басқа елдермен терезесі тең түсетін тәуелсіз мемлекет.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Ұлы дала елі - Тәуелсіздіктің 25 негізі 25 жұлдызды күн» жоспарына сәйкес 2016 жылдың 12 желтоқсанында Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономикалық колледжінің базасында «Отан деп соқсын жүрегіміз» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Мерекелік бағдарламаны колледж директоры Невзат Бекар мырза құттықтау тілегімен ашты. Кеште терең тарихымызға шолу жасайтын шағын көріністі қарсы алдық. Интернет арқылы Тәуелсіздікке қатысты сұрақ-жауап «Кахут» ойыны ұйымдастырылды. Монолог, патриоттық сезімін арттыруға арналған бейнебаян, флешмоб көрермен көңілінен шықты.

Қазақ халқының қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрмет.

Медиа қызмет



